



**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы  
Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасы  
Өкілетті өкілінің қызметін қаржыландыру мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 844 Қаулысы.  
Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 257  
Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды қаржыландыру жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілінің қызметін қаржыландыруды қоса беріп отырған қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті жылға арналған республикалық бюджетте "Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырсын.

3. "ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі В.Б. Темірбаевтың қызметін қаржыландырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1195 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 2

т а м ы з д а ғ ы

N

8 4 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы  
Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан  
Республикасының Өкілетті өкілі қызметін қамтамасыз етуге арналған  
шығыстарды қаржыландыру жоспары**

Шығыстардың атауы	Шығыстардың сомасы (АҚШ долларымен)
Ақшалай үлес	1580,0
Көліктік қызмет көрсету	270,0
Байланыс қызметін көрсету және кеңсе заттары	150,0
Шығыстардың бір айдағы жиыны:	2000,0

Бір жылға арналған ағымдағы шығыстардың барлығы:  
 $2000,0 \times 12 = 24000,0$  АҚШ доллары